


## ТАБИҒАТ

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтардың тұрғылықты жеріндегі экологиялық жағдайы туралы пікірлерімен таныстырады.

Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің **64,1%-ы тұрғылықты жеріндегі экологиялық жағдайға қанағаттанса**, сонымен қатар 24,0%-ы бұл жағдайға толық қанағаттанатынын айтты.

**Сауалнамаға қатысқандардың шамамен әрбір бесінші бөлігі (19,1%) олардың тұрғылықты жеріндегі экологиялық жағдайы, оларды толығымен қанағаттандырмайтынын мәлімдеді.** Сонымен бірге, 1-суреттегі мәліметтерден көрініп тұрғандай, қоршаған ортаға қанағаттанатындардың үлесі ауылдық жерлерде әлдеқайда көп, ал қала тұрғындары керісінше, оларды қоршаған экологиялық ортаға қанағаттандырмайтынын жиі айтады.



1 сурет. Сіз өзіңіз тұратын аймақтың экологиялық жағдайына қаншалықты қанағаттанасыз?

Респонденттердің **37,3%-ы экологиялық қауіптен қорғалғанын сезінетіндіктеріне жауап берді. Экологиялық қауіпті сезінетіндердің үлесі** жоғары және барлық сұралғандардың **54,5%-н** құрайды. Қоршаған ортаға мүлдем қанағаттанбаған респонденттердің 19,2%-ы экологиялық қауіптен мүлдем қорғалмағанын мәлімдеді.



2 сурет. Сіз өзіңіз қоршаған ортаңыздың қауіп-қатерінен қорғалғаныңызды қалай сезінесіз?

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнінің дәстүрлерінің бірі - белгілі бір мереке тақырыбын иемдену. Мерекенің соңғы екі жылының тақырыптары - пластикалық ластану және ауаның ластануымен күресу.

2021 жылдың тақырыбы - 2030 жылға дейін жоспарланған **Экожүйені қалпына келтіру**. Экожүйені қалпына келтірудің он жылдығы - табиғат үшін де, адамзат үшін де бүкіл әлемдегі бүлінген экожүйелерді сақтауға және қалпына келтіруге шақыру. Салауатты орта ғана бізді лайықты өмір сүру деңгейімен қамтамасыз ете алады, климаттың өзгеруіне және биоалуантүрліліктің жоғалуына жол бермейді.

#### Зерттеу әдістемесі:

**Сауалнама әдісі** – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат.

1. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент.  
Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

**Өткізілу мерзімі** – мамыр 2019 ж.

2. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 57 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент.  
Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

**Өткізілу мерзімі** – қараша 2020 ж.